

**Техникалық сипаттама  
(ЛОТ № 16)**

| № | Атауы             | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Саны |
|---|-------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|
| 1 | Ауа стерилизаторы | <p>Камера көлемі кемінде 40 л</p> <p>Стерилизатордың жұмыс бағдарламалары келесі режимдердің болуы:</p> <p>Стерилизация I 180 °C, 60 мин</p> <p>Стерилизация II 160 °C, 150 мин</p> <p>Дезинфекция 120 °C, 45 мин</p> <p>Қосымша режим (кептіру) температура 50 °C-тан 200 °C-қа дейін, уақыт 1-ден 999 мин дейін</p> <p>Камерадағы температураның ауытқуы <math>\pm 3</math> °C нашар емес</p> <p>Ұстау уақытының ауытқуы +5 мин артық емес</p> <p>Жүктелген стерилизатордың 180 °C дейін қызу уақыты 55 мин артық емес</p> <p>Жүктелмеген стерилизатордың 180 °C дейін қызу уақыты 25 мин артық емес</p> <p>Камера есігін колмен ашу/жабу күші 150 Н артық емес</p> <p>Үздіксіз жұмыс уақыты 16 сағ артық емес</p> <p>Жұмыс камерасының өлшемдері (Ұ×Ен×Би) кемінде 410×275×360 мм</p> <p>Габариттік өлшемдері (Ұ×Ен×Би) 720×550×490 мм артық емес</p> <p>Тұтынатын қуаты 1,5 кВт артық емес</p> <p>Қоректендіру кернеуі/жиілігі 220 В <math>\pm 10</math> %, 50 Гц</p> <p>Салмағы 35 кг артық емес</p> | 1    |
|   | <b>Барлығы</b>    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | 1    |

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Идрисова

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

**ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ**

**Құны және жеткізу шарттары**

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына міндетті түрде барлық қажетті қызметтер, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері енгізілуі тиіс.

**Сәйкестік және тауар сапасы**

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті

құжаттармен расталуы кажет. Жеткізілетін тауар жана, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

---

#### **Кепілдік міндеттемелер**

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс.

---

#### **Төлем шарттары және аванстық төлем**

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
  - Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.
- 

#### **Жеткізу мерзімі**

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.